

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ КЕРЕМЕТ МАТЕРИАЛДЫ ҚАЛАЙ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ





Бірегейлігі, ең алдымен, мақсатты аудиториясы - Қазақстан Республикасының барлық жұмыс істейтін халқы болғандығы. Сіздің материалыңыз оқырмандар мен көрермендер үшін қызықты болатыны сөзсіз. Себебі, олардың барлығы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушылары.

Өзіміздің ақпараттық жұмысымызда біз төмендегі қағидаттарды ұстанамыз:



Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;



Өзекті ақпаратты түсінікті болу үшін ең жеңіл түрде беру;



Жедел әрекет ету. Жұртшылықтың кез келген сұрақтарына жауап беруге дайын болу;



Ашықтық және бейтараптық;



Этикалық мінез-құлық және тараптардың мүдделерін құрметтеу.

- ✓ Ақпараттық хабарламаларды бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың аудиториясы үшін мүмкіндігінше қызықты етуге тырысып, тұрақты негізде жібереміз. Егер тарату тізіміне сіздің де қосылғыңыз келсе, press@enpf.kz электрондық пошта мекенжайына жазыңыз..
- ✓ Егер Сіз Қордан хабарландыру алмайтын болсаңыз, барлық жіберілген ақпараттық хабарламаларды «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» - «Баспасөз хабарламалары» бөлімінен таба аласыз. Баспасөз хабарламалары таратылған күні жарияланады.
- ✓ Қордың және БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңестің соңғы жаңалықтары «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» - «Жаңалықтар» бөлімінде жарияланады. Кеңес отырыстарының хаттамалары, фотосуреттері мен тұсаукесерлері «Қор туралы» – «Қоғамдық кеңес» бөлімінде жарияланады.
Материалдарға арналған фотосуреттерді «Фотосуреттер мен бейнежазбалар» бөлімінен таба аласыз.
- ✓ Біз «PRO ЕНПФ» корпоративтік журналын да шығарамыз (электрондық нұсқасы сайтта «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» - «Корпоративтік басылым» бөліміне орналастырылады). Ондағы мақалаларды материал дайындау кезінде толық немесе ішінара пайдалануға болады. Ол үшін g.kenbayeva@enpf.kz немесе press@enpf.kz электрондық пошта мекенжайларына жазсаңыз, жеткілікті.



ХАТ ЖАЗЫҢЫЗ:

БАҚ өкілдерінен түсетін сұраныстар press@enpf.kz электрондық пошта мекенжайына қабылданады. Бірде-бір журналистік сұраныс назардан тыс қалмайды. БАҚ-қа жатпайтын блогосфера өкілдерінің сауалдары да press@enpf.kz электрондық пошта мекенжайына қабылданады. Олар көбінесе әлеуметтік желіні пайдаланады, оның пайдасы болмаса, зияны жоқ.

ТЕК МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА:

- ⊗ Нақты салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы жинақтарға қатысты сұрақтарға жауап бермейміз. Бұл «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңмен қорғалатын зейнетақы жинақтарының құпиясы (57-бап).
- ⊗ Мемлекеттік бюджеттен берілетін зейнетақы туралы ақпаратқа түсініктеме бермейміз. Ол туралы сұранысты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына немесе Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жолдау қажет.
- ⊗ Әлеуметтік төлемдер туралы ақпаратқа түсініктеме бермейміз. Сұранысты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жолдау қажет.
- ⊗ Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану мәселелері уәкілетті операторлар (екінші деңгейдегі банктер) тарапынан «бір терезе» қағидаты бойынша шешіледі. БЖЗҚ тек алуға болатын сома туралы ақпарат береді және УО-дан алынған өтініш бойынша жинақтардың бір бөлігін аударуды жүзеге асырады.



БҰДАН БӨЛЕК:

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қатысты (бағалы қағаздар бойынша мәмілелер, олардың себеп-салдарлары) сауалдарды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне жолдаған жөн. БЖЗҚ тек есепке алу туралы сұрақтарға жауап береді.

1. БЖЗҚ-ның [қызметтері](#) мен [электрондық сервистері](#) бойынша ақпарат осы бөлімдерде жарияланады. Бұл бөлімдерден сіздер біраз нәрсені біле аласыздар. Мысалы, БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер қалай жүзеге асырылады;
2. ҚР заңдары, Үкімет пен Ұлттық Банктің қаулылары, түсініктемелер «Зейнетақы жүйесі туралы» - «Зейнетақы заңнамасы» бөлімінде жарияланады;
3. «Зейнетақы жүйесі туралы» бөлімінде [«Әлемнің зейнетақы жүйелері»](#) шағын бөлімі бар.

ЖАҢА!

- ✓ Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу үшін қалай пайдалануға болады - [«Қызметтер» бөлімінде қадамдық нұсқаулық.](#)
- ✓ Зейнетақы жинақтарын ішінара алу және зейнетақы жинақтарының бір бөлігін сенімгерлік басқаруға аудару үшін [қолжетімді соманы қалай тексеруге болады.](#)
- ✓ [Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі](#) (компаниялар, олардың инвестициялық декларациялары және комиссиялық сыйақы мөлшері туралы ақпарат)..
- ✓ Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ға аудару бойынша [қадамдық нұсқаулық.](#)
- ✓ БЗТ пайдалану және [ИПБ-ға аударымдар](#) бойынша [статистика.](#) [Әр жұмыс күні жаңартылып отырады!](#)



1. Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы «Көрсеткіштер» – «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы» бөлімінде жарияланады. Портфельдің неғұрлым толығырақ құрылымы «Көрсеткіштер» – «Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің кеңейтілген құрылымы» бөлімінде автоматты түрде жаңартылады;
2. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі ақпарат «Көрсеткіштер» – «Инвестициялық қызметке шолу» бөлімінде жарияланады. Бұл бөлім «Инвестициялық қызметке қысқаша шолу» графикалық талдамасымен толықтырылған.

Бұл екі бөлімде ҚР Ұлттық банкінің де, Инвестициялық портфельді басқарушылардың да зейнетақы активтерін басқару барысы туралы ақпарат ашық жарияланған.

БІЗ ҚАЖЕТТІ ДЕРЕКТЕРДІ БЕРЕМІЗ

☑ БІЗ САЙТҚА МҰРАҒАТТЫҚ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің маңызды оқиғалары «Қор туралы» – «Баспасөз орталығы» - «Арнайы жобалар» – «ҚР жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жылнамасы» бөлімінде жарияланған; БЖЗҚ мен МЖЗҚ (Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры) негізгі оқиғалары
2. «Қор туралы» – «Қысқаша Қор туралы» – «Түйінді оқиғалар» бөлімінде жарияланған.

☑ БІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ҚЫЗЫҚТЫ, ПАЙДАЛЫ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ:



БЖЗҚ-ның әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарына жазылуға кеңес береміз

☑ БЖЗҚ/ЕНПФ Youtube-арнасы



Біздің арнадан сіз өз материалыңыз үшін қолдануға болатын ең соңғы жаңалықтар, ең өзекті ақпарат және сарапшылардың пікірлерін таба аласыз.

<https://www.youtube.com/channel/UCzib0JptagKTWWXsFOvPuaQ>



Қордың барлық филиалдарында өткізілетін Ашық есік күндері салымшылармен және алушылармен қарым-қатынастың тағы бір сипатына айналды. 2020 және 2021 жылдары іс-шаралар онлайн-форматта өткізілді.

Журналистер – құрметті қонақтарымыз!

Қаржылық журналистика мектебі және студенттермен кездесулер жыл сайын өткізіледі.



Жыл сайын әлеуметтік зерттеулер өткізіледі

Зерттеу әдісі: 3000 респонденттен жаппай сауалнамалық сұрақ-жауап алу

Жағрапиялық қамту: Қазақстанның 14 облысы мен 3 республикалық маңызы бар қаласы .

Мақсатты аудиториясы: 18 бен 65 жас аралығындағы қазақстандықтар.

Мақсаты:


1. Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы Қазақстан халқының қаржылық сауаттылық деңгейін айқындау;
2. Халықтың «БЖЗҚ» АҚ-ға деген сенім дәрежесін анықтау.



Сауалнамаға қатысқандардың едәуір бөлігі олардың қаржылық әл-ауқатының негізгі көзі зейнетақы (мемлекеттен және БЖЗҚ-дан) болады деген пікірде: 2271 респондент немесе 75,70% осылай жауап берді.


АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

Сіз жаңалықтарды қай көзден аласыз?



САЛЫМШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС:


БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты табу қаншалықты оңай деп ойлайсыз?



Халыққа қосымша түсіндіруді қажет ететін тақырыптар анықталды:

- ✓ зейнетақы жинақтарының негізгі мақсаты, оларды инвестициялау;
- ✓ сақталу кепілдігі;
- ✓ өз зейнетақыңызды болжау мүмкіндігі;
- ✓ ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері мен төлеу шарттары;
- ✓ міндетті зейнетақы жарналарын Бірыңғай жиынтық төлем шеңберінде төлеу.

БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат халық үшін қаншалықты түсінікті?




Зерттеу қорытындылары ҚР халқы арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша стратегиялық міндеттерді іске асыру барысында ескерілетін болады.

2022-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КОММУНИКАЦИЯ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

- ✓ жас топтары (әрбір жеке салымшының/алушының жүйедегі жұмысының қорытындысы ретінде алатын төлеміне байланысты);
- ✓ жұмысының түрі бойынша;
- ✓ тұрғылықты жері мен өңірі бойынша.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ және оларды орындау бойынша нысаналы индикаторлар



МАҚСАТ: Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру және халықтың ЖЗЖ мен БЖЗҚ-ға деген сенімін нығайту

- ✓ Үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, әрбір қатысушыға зейнетақы қызметтерін көрсетуге және олармен қарым-қатынас жасауға дербес тәсіл жасау;
- ✓ Жұртшылықпен және БЖЗҚ-ның барлық серіктестерімен ЖЗЖ мәселелері бойынша өзара тиімді іс-қимыл жасау

**НАЗАР САЛЫП
ТЫҢДАҒАНЫҢЫЗ
ҮШІН РАХМЕТ!**

Сіздің сауалыңызға
жауап беруге
дайынбыз!

